





Жұманов Асқар

1918 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы №4 ауылда дүниеге келген. 1939 жылы Қостанай педагогикалық училищесін бітіріп, ауылда мұғалім болған. 1940 жылы әскер қатарына шақырылған. 1940-1942 жылдары Воронеж, Брянск қалаларындағы саяси училищелердің курсанты болған. 1942 жылы 758- танкке қарсы дивизияның батарея әскери комиссары болып тағайындалған. 1942 жылы жау тыңшысын анықтап, қырағылық танытқаны үшін «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталады. 1945 жылы Белск қаласы маңындағы жаудың берік бекінісін бұзып шығып, Ясеница елді аймағындағы бекінген жауға тойтарыс беру шайқастарында капитан Жұмановтың батареясы жаудың 3 автокөлігін, он шақты қол және станокті пулеметтерін, 80-нен аса неміс фашисттерінің көзін жойған. Осы шайқастарда капитанның басшылығымен жаяу әскердің алдында жүріп отырып, пулемет пен зеңбіректен оқ жаудырған жау бекінісінен қатерсіз өтуге мүмкіндік жасаған. Ерліктері үшін I және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Елге келген соң ұстаздықтан бастап, аудандық партия, халық депутаттары атқару комитетінде жауапты қызметтер атқарған. Еңбектері еленіп «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталған.